



Сыр бойы

№7-8 (21082-21083) 17 қаңтар, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновті қабылдады. Компанияның өткен жылы атқарған қызметінің нәтижелері жөнінде мәлімет беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Талғат Алдыбергенов тарифтік жүк айналымы 10 пайызға артып, 289 миллиард тонна-шакырымды құрағанын айтты. Тасымал көлемі 5,5 пайызға ұлғайып, 320 миллион тоннаға дейін жеткен. Экспорттық тасымал 89 миллион тоннадан асты. Жүк транзиті 20 пайыздан астам өсіп, 33 миллион тонна болды.

Президентке былтыр пайдалануға берілген «Достық-Мойынты» теміржолының екінші желісі арқылы 6 миллион тонна немесе 100 мың вагоннан аса жүк жеткізілгені баяндалды. Алматы бекетін айналып өтетін теміржолдағы техникалық қозғалысқа рұқсат етілді.

Теміржол инфрақұрылымдарын тарту және жаңғырту жұмыстары жалғасын жатты. Жобалардың жалпы ұзындығы 3900 шақырымды құрайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания қызметінде қауіпсіздікті, тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті енгізу арқылы цифрлық жобалар жүзеге асырылып жатқаны айтылды.

Тәлімгерлік институты жолға қойылып, жастар кадрлық резерві жасақталған. Президент әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызын атап өтіп, теміржолшыларға арналған қолжетімді тұрғын үй салу бастамасын құптады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамын трансформациялауды жалғастыру, ірі шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты нығайту, цифрлық шешімдерді енгізу, мульти-модальдық логистиканы дамыту мақсатында инфрақұрылымдарды кеңейту жөнінде тапсырма берді.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ГЕРЕТТО КОМПАНИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Gepetto Energy Technology (Hainan) Co., Ltd компаниясының директоры Цзэн Биньмен кездесті. Кездесуде өндірістің кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға бағытталған жаңа технологиялар барысы талқыланды.

Gepetto – мұнай-газ өндіруді ұлғайтуға арналған технологияларды әзірлейтін Қытайдың жетекші жоғары технологиялық компанияларының бірі. Жаңа ұңғымаларда гидравликалық жару, қышқылмен өңдеу, жетілген кен орындарында мұнай алу коэффициентін арттыру бағытында қызмет атқарады.

Компания наномембраналық қоспалар, инновациялық гидравликалық жару сұйықтықтары, толық еритін көпірлік тығындар және химиялық трассерлер сияқты тиімді әрі экологиялық қауіпсіз шешімдерді ұсынады. Аталған технологиялар Қытайдың ірі мұнай кен орындарында кеңінен қолданылып, жоғары нәтиже көрсеткен.

Орталық Азия нарығында жұмыс істеу мақсатында 2021 жылы Қызылорда облы-

сында компанияның еншілес кәсіпорны құрылды. Негізгі мақсаты – қытайлық озық технологияларды Қазақстанның геологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп енгізу.

Сондай-ақ компания Қазақстанда ұлттық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп сервистік компания құруды, ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп зертхана ашуды және қазақстандық мамандарды Қытайдағы ғылыми орталықтар мен өндіріс орындарына жіберіп, технологиялардың іс жүзіндегі тиімділігімен таныстыруды ұсынды.

Gepetto технологиялары жаңа және жұмыс істеп тұрған ұңғымаларда өндірісті ұлғайтуға, мұнай алу коэффициентін арттыруға, елдің мұнай-газ саласының тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.



13 қаңтарда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысын осы жылдың 20 қаңтарында өткізуді белгіледі. Ежелден Ұлы дала дәстүрінде құрылтай дегенде ел құлағы елөңдеп тұратыны рас.

ҚҰРЫЛТАЙ – ХАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫМЕН САНАСУ, ОНЫ СЫЙЛАУ

Сонау түркі-моңғол өркениеті заманында елдің зиялы ақсүйектер қауымы «Құрылтай» атты ресми жиындарында елдің ішкі-сыртқы саясатын анықтап отырған. Құрылтайға жиналуды құралу, жиналу, түгелдену деп те түсінуге болады. Кезінде Түркі-моңғол мемлекетінің дәуірі асып тұрғанда Құрылтайдың ролі айшықтала түскен. XV-XVIII ғасырларда дербес ел ретінде Қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін Құрылтайға жиналу қайта жандана түсті. Еліміздің саяси-конституциялық жүйесін қайта құру барысында Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырту қолға алынды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы «Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы

білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. «Кеңесшіл ел кемдік көрмейді» деген нақыл сөз содан қалса керек. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз. Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысын Ұлытауда өткізуге ұйғарым жасалды. Ұлық ұлыстың бастауында тұрған Жошы хан кесенесінің іргесіне ақ шатыр орнаттық. Мұның зор символдық мәні бар. Елдің бірлігі, ұлттың тұтастығы дегеніміз – осы», – деп жариялаған еді.

3-бет

/// ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ

«АЙНАГЛАСС» – ЕЛІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЗАУЫТ



Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

Сыр бойында айна өндіріле бастады. Бұл еліміздегі алғашқы зауыт. Осы кезге дейін өнім сыртқы елдерден тасымалданып келді. Сондықтан Қызылордадан ашылған зауыт импортқа тәуелділікті азайтып, отандық өнімнің өрісін кеңейтеді.

Жобаның жалпы құны – 1,5 млрд теңге. Оның 1 млрд теңгесіне қажетті құрал-жабдықтар сатып алынса, қалған қаражатқа құрылыс жұмысы жүргізілген. Қуанарлық жайт, зауыт былтырғы жылдың аяғында алғашқы өнімін шығарып, саудалады. Жылдық қуаттылығы 720 мың шаршы метр. Өнім ішкі нарықты және ТМД елдерін қамтитын болады.

6-бет

ТАЛАЙДЫ АРБАҒАН ТЕМІР «ТАҢБА»

Қазақстандық көлік жүргізушілер үшін жылдың жағымды жаңалығы – әдемі нөмірді әркім өзі таңдай алатыны әрі оны онлайн тәртібімен алуға болатыны десек, артық айтқанымыз емес. Бұған дейін ол автоматты жүйе арқылы беріліп келген болатын. Таңдау құқығы берілгені мүмкіндікті құр жібергісі келмейтіндердің қарасы көбейді. Алдымен әдемі нөмір дегеніміз не, сол туралы аз-кем. Бұл – көлік иесінің көңілін дөп басқан ерекше цифрлар мен әріптердің комбинациясы. Тек ол нөмір бос болса және заң талаптарына сай келсе болғаны.



Фото: Ашық деректерден

6-бет

Валюта бағамы \$ 510,95 kzt € 594,49 kzt ₸ 6,5 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ -2° 🌙 -4° | Жұма ☀️ -3° 🌙 -7°

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ЖИ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН КОНТЕНТ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТАҢБАЛАНУЫ ТИІС

Елімізде «Жасанды интеллект туралы» заңның нормалары ресми түрде күшіне енді. Мұнда ерекше мән бере кететін мәселе, енді жасанды интеллект көмегімен жасалған контент міндетті түрде таңбалануы тиіс. Тиісті норма жасанды интеллект туралы заңда көзделген деп хабарлайды Stan.kz.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Заңға өткен жылы қол қойған болатын. Аталған Заңның 21-бабына сәйкес, фото-видео, аудио немесе мәтін болсын егер ол жасанды интеллект көмегімен жасалған немесе өңделген болса, пайдаланушы бұл туралы анық әрі түсінікті түрде ескертуі тиіс.

Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығының мәліметінше, жасанды интеллектпен жасалған контент таңбаланба, ол адамдарды адастыруы мүмкін. Сондықтан БАҚ, блогерлер мен платформалар жасанды интеллект қолданғанын ашық көрсетуі керек.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»: САУАТТЫЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

Еліміздегі білім беру ұйымдарында «Заң және тәртіп» құқықтық сауаттылық айлығы басталды. Бұл іс-шара білім алушылар арасында құқықтық мәдениетті көтеру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және құқыққа деген құрметті қалыптастыруға бағытталған деп хабарлайды Aikyn.kz.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы «Заң және тәртіп» құқықтық сауаттылық айлығы 8 қаңтардан бастау алды. Оған еліміздегі барлық білім беру ұйымдарының оқушылары мен колледж студенттері қатысуда.

Айлық аясында заң нормаларын түсіндіру, құқықбұзушылықтың салдары туралы ақпараттандыру бағытында білім беру ұйымдарында түрлі кездесулер, дәрістер, дөңгелек үстелдер, тренингтер және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылады. Өткізілетін шаралар барысында уәкілетті органдардың өкілдерімен бірге білім алушыларға құқықбұзушылық түрлері мен оған қатысты жауапкершілік туралы кең көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

КӨКПАР БАҒДАРЛАМАҒА ҚАЙТА ЕНДІ

Былтыр қазақ көкпары елімізде өткен Дүниежүзілік көшпелілер ойындарынан кейін осы іс-шараның бағдарламасына енбей қалған болатын. Биыл Қырғызстанда өтетін VI Дүниежүзілік көшпелілер ойындарына қайта қосылды. Көкпар федерациясының президенті, Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров күзге салым өтетін этноспорт аламына ұлттық ойынымыз көкпардың енгенін айтты, деп жазды Egemen.kz.

Расында бұған дейін ойындар тізімінде көкпардың болмауы қоғам тарапынан біраз талқыға түсті.

«Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп, қырғызстандық әріптестермен талқылай келе осындай шешімге қол жеткіздік. Көкпар да, көк бөрі де қазақ пен қырғыздың ұлттық болмысын айқындайтын негізгі спорт түрі. Бұл — тек ойын емес, ұрпақтар сабақтастығы, ортақ мәдени код. Сондықтан мұндай халықаралық жарыстарда спорт достық пен бірліктің көрінісіне айналуы керек», деді А.Қожаназаров.

Бұл ұлттық ойын басқа қатысушы елдер үшін де маңызды. Себебі көкпар Қазақстаннан бөлек ойынға келетін Монғолия, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан сияқты бірқатар елдерде де кеңінен таралған.

Сонымен VI Дүниежүзілік көшпелілер ойындары 2026 жылғы 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғызстанда өтеді. Жарыс бағдарламасында 43 ұлттық спорт түрі бар. Этноспорт аламына шамамен 100-ге жуық елден спортшылар қатысады деп жоспарланып отыр.

«СБ» ақпарат

ІРГЕЛЕС ӨҢІРЛЕРДІҢ ІСКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ



Сыр өңіріне Ақтөбе облысының ресми делегациясы іссапармен келді. Сапардың мақсаты – өңіраралық әріптестікті нығайту, тәжірибе алмасу және өзара тиімді байланыс орнату. Қонақтарды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қабылдады. Онда тараптар әлеуметтік және экономикалық бағыттар бойынша пікір алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады.

Сапар аясында ақтөбеліктер өңірдегі жана нысандармен танысты. Ең алдымен халықаралық стандарттарға және УЕФА талаптарына сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадионды көрді. Аумағы 20 мың шаршы метр ғимараттың жасыл алаңнан бөлек, бокс, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика,



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайхановпен кездесті. Кездесуде өңірдегі «Қараөзек», «Арал-Сарыбұлақ» су нысандарына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес, елімізде бірінші кезекте салынатын 9 су қоймасының тізіміне «Қараөзек» су қоймасы енгізілген болатын. Осыған орай су жинақтауға арналған қойманың жобасы әзірленді. Ол Ислам даму банкінің «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 1-кезең» жобасы аясында қаржыландыруға ұсынылып, бүгінде мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Жыл соңына дейін жобаны іске асыру жоспарлануда.

«Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбыры арқылы Арал және Қазалы аудандарындағы 160 мыңнан астам тұрғыны бар 65 елді мекен ауызсумен қамтамасыз етіледі. 1986 жылы пайдалануға берілген құбыр желілері айтарлықтай тозып, су қысымына төтеп бере алмау салдарынан апаттық жағдайлар мен уақытша ажырату жиі болады.

Мәселені шешу үшін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының екінші тармағын салудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жалпы 43,7 млрд теңге қаржыға 234 шақырым су желілерін салу көзделген. 2024 жылы республикалық бюджеттен 5,5 млрд теңге бөлініп, 23 шақырым су құбырының құрылысы аяқталды.

Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан Ислам даму банкі арқылы тартылатын қарыз қаражаты есебінен 7,1 млрд теңгенің 6 жобасы қолдау тапты. Олар «Қараөзек» су қоймасын салу және су жеткізу каналдарын күрделі жөндеуден өткізуге бағытталған.

/// САПАР

АГРОӨНЕРКӘСІП: ҚЫТАЙМЕН ҚАТЫНАС ҚАРЫМЫ

Облыстың агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту мақсатында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері бар. Олар Бэйянь округінде Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші компания жетекшілерімен кездесулер өткізді. Атап айтқанда, ғылым докторы Лу Нанмен кездесуде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.



Бұдан бөлек, «Jiarun Agriculture», «Gao's Hetian Rice Industry», «Baqi» сынды күріш және жүгері дақылдарын өндіретін ірі агроөнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасты.

Сапар аясында Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркінде маңызды кездесу өтті. Онда агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, агро-технологияларды дамыту, ресурстарды интеграциялау және өндірістік парктерді бірлесіп салу мәселелері талқыланды. Қызылорда облысының әкімдігі, Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркі және Хейлунцзян Хэхуэйдэ сауда компаниясы арасында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Дунфан қаласында делегация мүшелері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында өткен халықаралық ауыл шаруашылығы конференциясына қатысты. Конференция Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты тереңдетуге, инвестициялық мүмкіндіктерді таныстыруға және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталды.

Онда аграрлық технологиялар мен өнім өңдеу саласындағы өзекті мәселелер көтерілді. Сондай-

таеквондо және ауыр атлетика залдары бар. Спорт залдар келушілерге үздіксіз әрі сапалы қызмет етеді.

Ақтөбелік делегация Президент саябағын, сол жағалаудағы тарихи-өлкетану музейін де көрді. Саябақты қайта жаңғыртуды Alem Qurylys AQ серіктестігі қолға алған. Қайта жаңғырту жобасына түзету енгізіліп, мұндағы құрылыстар қатарына 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылды.

Жоба аясында бірнеше нысан мен қоғамдық кеңістіктер салу көзделген. Атап айтқанда, аллея, субұрқақ, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout пен демалыс аймақтары қарастырылған. Сонымен қатар фудкорт, теннис үстелдері, айналымалы дөңгелек аттракцион, тамақтану орындары, велосипед және жүгіру жолақтары салынады. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, сондай-ақ шахмат, баскетбол және футбол алаңдары жоспарланған.

Ботаникалық бақ аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Абаттандырылатын жалпы аумақ 2,41 гектар, бақ ішіне Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскарда өсетін жасыл желек отырғызылады.

Балалар лагерінің құрылысына 6,02 гектар жер бөлінген, бұл аумақта әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу жоспарланған.



ақ, Хайнань халықаралық экономикалық даму бюросы, Хайнань-Хэйлунцзян сауда-өнеркәсіп палатасы, Дунфан жүгері өнеркәсібі қауымдастығы және Баян уезінің ауыл шаруашылығын дамыту компаниясы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Аталған келісімдер Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, Сырөңірінің ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы тиімді жобаларға жол ашады.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



“**Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінен



Құрылтай – қазақ халқының тарихи дәстүріндегі аса маңызды ұғым. Онда хан сайлау, жауланған жерге иелік ету, әскери жорықтың негізі жоспарын бекіту, әскер басын тағайындау сынды ауқымды мәселелер қамтылған. Ел тағдыры талқыға түсіп, ортақ шешім қабылданған. Бір сөзбен айтқанда, дала демократиясының көрінісі деуге толық негіз бар.

ҚҰРЫЛТАЙ – ХАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫМЕН САНАСУ, ОНЫ СЫЙЛАУ

2022 жылы маусымда қоғамдық сенім кеңесі таратылып орнына Президент жанындағы кеңесші орган ретінде Ұлттық құрылтай жандандырылды. Қоғамдық сенім кеңесінде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалардың бағыттары талқыланса, құрылтайда қоғамдық бірлігімізді нығайта түсудің басты тегігі ретінде жалпымұлттық құндылықтарымыздың мәселелері көтеріледі.

Басты мақсаты-әлеуметтік консалидацияны дамыту идеялары мен нақты қадамдарды дайындау. Міне, содан бері қоғамымызды жаңа кезенге көтерудің бірден-бір тегігіне айналып келе жатырған келелі жиынның төрт отырысы өтті. Жыл өткен сайын күн тәртібіндегі түйткілді мәселелердің ауқымы кеңейіп, көтерер жүгінің салмағы арта түсуде. Мысалы, Ұлытаудағы алғашқы отырыста 42 ұсыныс, Атырауда 149 ұсыныс айтылды. Былтырғы өткен құрылтайда 300-ге жуық мәселе айтылып, 40 беттік жоспар дайындалды. Құрылтай төрінде жинақталған мәселелерді шешудің заңдық негізі де Парламентте нақтылануда. Кезінде халқымыздың сорына айналып келе жатқан құмар ойынпаздыққа қарсы заң қабылданып, жауапкершілік күшейтілді. Құрылтайшылар көтерген тұрмыстық зорлық-зомбылық, есірткі тасымалдайтындар мен есірткі өндіретіндер туралы мәселелер заңды тұрғыда шешімін тапты. Вейп саудасына тыйым салу, мемлекеттік наградалар мен ономастика туралы, т.б. заңдар қабылданып, көптеген нормативтік құжаттарға толықтырулар мен өзгерістер жасалды. Өткен жиында көтерілген ішкі саясатымызды біріздендіру туралы ұсыныс аясында ішкі саясат қағида-дәттары жөніндегі тұжырымдамасын Президент өз Жарлығымен бекітті.

1-бет

Өткен Бурабайдағы төртінші бас қосуда Қазақ автономиясының астанасы Қызылордаға көшірілгенінің 100 жылдығына байланысты келесі Құрылтай Қызылорда қаласында өтетін болып белгіленген еді. Біз Қызылорда құрылтайынан да көптеген сындарлы шешімдер қабылданады деп күтеміз. Өйткені, Сыр бойында талай ұлтымыз үшін тағдыршешті шешімдер қабылданған болатын. Сонау Парсы патшасы Кирге қарсы Томирис бастамасымен көшпенділердің соғыс алдындағы бірігу шешімі, Керей мен Жәнібектің қазақтардың дербес хандығын құру туралы шешімдері, 1710 жылы үш жүз өкілдерінің жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыру үшін Арал теңізінің солтүстігіндегі Қарақұм алқабында өткен екі бірдей құрылтайлардың тарихи маңызы зор. Осыдан жүз жыл бұрынғы Бесінші жалпықазақ кеңестерінің құрылтайында «қазақ» атауының қайтарылуы туралы ұлт үшін тағдыршешті сындарлы шешімдерінің орны ерекше. Осыдан бір ғасыр бұрын бесінші съезд болса, биыл бесінші құрылтай. Бұл сәйкестік тегін болмаса керек.

Биылғы Құрылтай әдеттегіден берте шақырылып отыр. Қазіргі геосаяси ахуалдың турбулентті кезеңінде тез шешім қабылдаудың маңызы зор.

Қаншалықты сыртқы саяси тартыстар күшейген сайын ішкі өзара түсіністігіміз бен өзара сенімнің жауапкершілік жүгі ауырлай береді. Саясат күштіге ереді. Күшіміз бірлікте. Сын сағаттарда қоғам мүддесі үшін жасалуға тиістіні уақытында жасаған адам – нағыз мықтының өзі емес пе еді? Мықты қашанда өзіне сенімді адам ретінде тәртіпті әуелі өзіне қояды, ал әлсіз өзіне сенімсіз болып тәртіпті біреуден іздейді. Тәртіп бостандықты шектеу емес, тәртіп демократиядан

тыс әрекеттердің жолын кесу. Қоғамдық ынтымағымызды қалыпты ұстай алған жағдайда ғана кез келген сын-көтерлерге тиімді қарсы тұра аламыз. Әрине, саясатта өзара бәсе-келестік болуы заңдылық. Алайда, түпкі елдік мүддеге зиян келтірмеуіміз керек. Бірлігімізге сына қақтырар болсақ, қолға алған реформалардың барлығы да нәтижесіз белсенділік болып қалады. Осындайда құрылтайдың тепе-теңдікті сақтап, әртүрлі пікір-алмасуды ортақ бағытқа түйістіре алу мүмкіндігін молынан пайдалана түсуге тиіспіз. Құрылтайдың саяси әсерінің әлеуеті қоғамдық сенімге ие болуына, талқыланған ұсыныстардың шешілуінің нақты қадамдарына, оның тиімді нәтижесіне байланысты. Сөз нақты шешімге айнаlmаса жұртшылық тарапынан сенімсіздік білдіру күшейе түсері анық. Қай заманда да халық Сыр бойына жиналғанда тарихтың жаңа беттері ашылғанының дәлелі мол. Осыған дейінгі бесжылдық тәжірибеміз құрылтай жұмысының жаңа деңгейіне «серіппе» болады деп үміттенеміз. Даналығымыздың көзі-тәжірибеміз, ал тәжірибеміздің көзі-кателіктеріміз. Осыған дейінгі ой жеткенмен қол жетпеген, қол жеткенмен ой жетпеген мәселелеріміздің шешімін табуда Сыр өңіріндегі құрылтайдан үміт көп. Бұндай бас қосулар бізге көп мүмкіндік береді. Ал көп мүмкіндік үлкен жауапкершілік тудыратынын да ұмытпайық. Осындай бір әлемдік толқымағы кезеңде Қызылорда құрылтайы еліміздің еңсесін бір көтерер, жылқы жылында атқа мінген қазақты рухтандырап, тәртіп пен заң үстемдігіне пәрмен берер бастамаларға жол ашылады деп сенеміз.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

ПІКІР-ПАЙЫМ

АШЫҚ ОЙ АЛАҢЫ

Қызылордада өтетін Ұлттық құрылтай қарсаңында бірқатар азаматтар пікір білдіруде. Соның бірі – саяси шолушы, ұлттық құрылтай мүшесі Фазиз Әбішев. Ол Ұлттық құрылтай стратегиялық мәселелерді кең ауқымда талқылауға мүмкіндік беретін тиімді диалог алаңы ретінде қалыптасқанын жеткізді.

Оның «ҚазАқпарат» жариялаған пікірінше, саясаттану ғылымында «делиберативті демократия» деп аталатын ұғым бар. Бұл – саяси бәсекеден тыс, қоғамның түрлі топтарын ел дамуына қатысты маңызды шешімдерді талқылауға тартатын тетік.

– Мұндай кеңесші форматтағы институттар көптеген елде бар. Мәселен, Франциядағы Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Ресейдегі Қоғамдық палата, Қырғызстандағы құрылтай немесе Канададағы ұқсас құрылымдарды айтуға болады. Заң шығарушы органдар партиялық тәртіп пен саяси тартыс үстінде жұмыс істейтіндіктен, оларда белгілі бір «саяси ойын ережелері» қалыптасалды. Ал өкілеттік билігі жоқ кеңесші аландар пікір алмасуға еркіндік беріп,

қоғамдағы түрлі топтарды жақындастырады, – деді саяси шолушы.

Фазиз Әбішевтің ендігі сөзінше, Қазақстандағы Ұлттық құрылтай дәл осы миссияны атқарып отыр. Мұнда Мемлекет басшысының халықпен байланыс орнататын Жолдаулары, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, партия съездері форматтарының ішінде Ұлттық құрылтай ерекше орын алады.

– Құрылтайдың тарихи мәні бар. Құрылтай – елдің түкпір-түкпірінен келген өкілдер жиналатын алаң. Президент дәл осы жерде ел дамуына қатысты стратегиялық бастамаларын тікелей жариялай алады, – деді ол.

Сондай-ақ саяси шолушы алдағы құрылтай отырысында кең ауқымды мәселелер, соның ішінде саяси

реформалар да талқилануы мүмкін екенін жоққа шығармайды.

– Көпшілік тек пленарлық отырысты және Президенттің сөзін көреді. Алайда одан алдын екі күн бойы секциялық жұмыстар өтеді. Аймақтардан келген делегаттар ашық микрофон форматында, еш шектеусіз пікір алмасалды. Осындай мазмұнды талқылаулар барысында қоғамдық консенсус (келіссөздер барысында қандай да бір мәселе бойынша дауыс берусіз ортақ шешімге келу – ред.) қалыптасалды. Тіпті, осы алаңда парламенттік реформа нұсқасы шешілуі мүмкін, – деген саяси сарапшы сөзін келтірді ақпарат көзі.

«СБ» ақпарат





ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫ



XVIII ғасырдың басы қазақтың елі, жері үшін қауіп төнген қатерлі жылдар болды. Шығыс жоңғарлары Ұлы жүз, Орта жүздің (Жетісу, Сырдарияның біршама бөлігін) жерін шапқыншылықпен иеленді. Еділ қалмақтарының (торғауыттардың) батыстағы тынымсыз шабуылы, Жайық пен Жемді жайлайтын Кіші жүз қазақтарын қан қақсатып мекенінен ығыстырды. Халқына қатер төнген уақытта ел тірегі – хан-сұлтандар, билер, ақсақалдар, мәрт мінезді батырлар жан-жақтан шапқыншылаған жауларға тойтарыс беру мақсатында, 1710 жылы күз айында Арал өңіріндегі Қарақұм жерінің Сарыарқамен астақан биік құм төбесі – Құлжұмыр-Қасқатөбеде ту орнатып, үш жүздің басы қосылған құрылтай өткізді. Ақ киізге көтеріп хан сайланған Әбілхайыр (Мұхаммед Қазы баһадүр Әбілқайыр хан Қажысұлтанұлы) орда басшысы, табын Бөкенбай батыр әскерге қолбасшы болып тағайындалды. Боз бие құрбандыққа шалынып, батырлар Отанын қорғауға отқа қан тамызып ант берді. Бұл оқиға тарихта «Қазақтың алғашқы құрылтайы» – Қарақұм құрылтайы» деген атаумен қалды. «Алғашқы құрылтай» жөнінде XVIII-XIX ғасырдағы Қазақстанның Ресеймен экономикалық және саяси байланысы туралы еңбек жазған тарих ғылымдарының докторы Н. Аполлова, жазушы, ортаазиялық жорықтарға қатысушы Н.Маев, орыс зерттеушісі Л.Мейер, орыс офицері, поручик Я.Гавердовский, т.б. шынайы тарихи деректер жазып қалдырды.

1711-1712 және 1716-1717 жылдардағы қайталанған соғыстар қазақ халқын әбден титықтатты.

1715 жылы қазақ хандығының өркендеп-дамуына тікелей басшылық жасаған Тәуке хан дүние салғаннан кейін, елдегі әртүрлі жағдайларға байланысты топалассыз жоңғар шабуылы жеңіске жетіп қонтайшы Сыбан Раптан ашкөз-аярлықпен бүкіл қазақ жерін жаулап алуға дайындық жүргізді.

1723 жылы қазақ даласын мешіннің жұты жайлап қазақты «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан жоңғарлар шапқыншылық шабуылын одан әрі жалғастырып 1725 жылы Ұлытауға жетті.

Танымал тарихшы И.Ерофеева «Рыцарь звания чести, казахский батыр Букенбай Карабатырұлы» атты тарихи еңбегінде: «1726-1727 жылдары қазақ батырларының бастамасымен, үш жүздің ең беделді, ықпалды өкілдерінің қатысуымен Қарақұмда тағы бір құрылтай жиыны өтті» деп пайымдайды.

Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы қиян-кескі соғыста орасан шығыммен қазақ жасақтары жеңіске жеткенмен жау шабуылы тоқтамады. Үш жүздің біріккен әскер қолы 1730 жылы «Аңырақайдағы» жанкешті, шешуші шайқаста қазақ елін ұлы жеңіске жеткізді. Жоңғар, құба қалмақ, ойрат деп аталған тұтас бір халық жер бетінен жойылды.

Қазақ халқы өзі көшіп-қонып жүрген ұлан-ғайыр ұлы даласындағы мемлекеттілігін, экономикалық және мәдени қауымдастығын қанымен қорғады. Бұл жетіс – Ұлы құрылтайдан бастау алып, Ордабасы жиынында жалғасқан ел бірлігінің нәтижесі – Тәуелсіздіктің Ұлы жеңісі.

Ерлік өнеселері тарихты нұрландыра түседі және ол өнеселер – адамдарды алға жетелейтін жарығы мол шамшырақтардың бірі.

Виктор Гюго

ТУТУҒЫРЫМ – КИЕЛІ ҚҰЛЖҰМЫРЫМ

Атыңнан айналайын, Тутуғырым, Кіндік кие, құндақты Құлжұмырым! Кірік-керуен қонына сыр тентіпті, Ұлықталдың ұйытып сөздің мынын, Төбене қан тамызып, ант берген-ді, Хас батырлар көтеріп жорық туын. Боз биені шапғанда құрбандыққа, Атқылаған ақ сүті көкке сауын. Мал-жанның садакасы боз енесін, Жанар талып ұзатты жетім құлын. «Ел-жерім» деген дауыс

жаңғырығып, Қас айырды даланың құба жонын. Ақ киізге көтеріп, хан сайланған, Әбілқайыр басқарды казак қолын. Жігер беріп жоңғарға аттандырдың, Бөкен батыр бастаған ұлттың ұлын. Қасында қасқаланған Қасқа төбе, Туа біткен туысың – телқонырың. Атыңнан айналайын, Құлжұмырым, Арқалаған ғасырға жылдар мұнын. Үш жүздің би, бектері кеңес құрып, Ойластырған ел жайын,

ұрпақ қамын. Бастау алып басыңнан ұлы жорық, Азаттық алмастырды ердің құнын. Тапталпай туған жерді бабаларым, Жау қанына суарды қылыш жүзін. Рухтары жүргендей көшіп-қонып, Ғарыш жолдап тұрады азын үнін. Дүниеде жоқ шығар сендей төбе, Туға тұғыр жасаған қиыр құмын. Айналаңда белгі көп, Құлжұмырым, Зерделесем ұқтырар тылсым сырын. Ұлағатын өнеге ұрпақтарға, Дәуірлердің көтерген қатал сынын. Солтүстік шығысында

Мұзбел жатыр, Торғайдың қақпасына беріп қырын. Арқанда Бұлантының жазығы бар, Ұлытау қойнауында бір тамырың. Сарыарқаның самалы өбектеген, Жанкешті шейіттердің тұл қабырын. Желкендігі көтерсе заман үрлеп, Білеутіге құйылар дерек-ағын. Аймандай, асылдыңек Құлжұмырым, Аласартпай жатырсың ардың тағын. Аңырақайда ұстаттын Женіс туын, Мың өлсен де тіріліп сынбай сағың. Ата-баба мұрасы – дәуір-бағым, Атыңнан айналайын Құлжұмырым, Биік сенің мәртебен, Тутуғырым!

P.S. Құлжұмыр-Қасқатөбе Қазақстанның төрт облысы – Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай, Қарағандының қиылысар тұсында орналасқан. Қазіргі таңда, сол жерден ғасыр жобасына баланған «Жезқазған-Бейнеу» теміржолы өтіп жатыр.

Айбатты қос төбе – Құлжұмыр-Қасқатөбе түбіндегі «Промежуточная станция» деген бекет «Мыңбала» бекеті болып өзгертіліпті. Бабалардың табаны

тііп тү көтерілген, ұлы жеңістің бастауы болған, ел рухын асқақтатып Қазақтың алғашқы құрылтайы өткен киелі төбенің аты тұсындағы бекетке берілсе тарихтын тағылымы болары хақ. Әрі деректер айқындығына сүйенсек «Құлжұмыр бекеті» деген атау нақтырақ болар еді ...

ТҰРАН ДАЛАСЫ

1.Таным-Тағылым

Түріліп түн, алаулап таны атады, Күн нұрына бөленіп жер жатады, Сәулесімен оятқан тіршілікті, Жалқынына сыйдырып, ол батады. Алқымына кептеліп туған айы, Қияктанып, көкке өрлеп, толысады. Жарығында кейбір аң сезім шешіп, Құдіреттің күшімен жұптасады. Енді бірі жыртықштын жем іздеген, Жортуылдап жонында түн қатады. Қызыл іңір-перизат, жерге түсіп, Аспанды арбап, аялап бақсады. Күн мен түні некелі ғашықтардай, Көкжиекте кездесіп, табысады. Көбесі сөгілгенде тұнық түннің, Шолпан туып, жұлдызды таратады. Көгендеулі қарақшы –

«Жеті жұлдыз»,

Көзді тартып өзіне қаратады. Темірқазық – бағдаршам төбедегі, Төрт жағынды түгендеп санатады. Құс жолы – бір патшалық,

сықыры көп,

Ағарандап, ақ тұман шұбатады. Күлтелі, қыдырымпаз Үрке сұлу, Бағытымен өзгеріс аңдатады. Құрсағын күй тербеген ғасыр-мекен, Мамырлатып акку-каз қондыртады. Төрінде өніп, толысқан Әму, Сырды, Төркіндері Тұранға ұзатады, Сылаңдап, кемелденген

кыз-ғұмырын,

Айдынында Аралдың тоқтатады. Қыпшақтың даласынан Торғайды

өкеп,

Тылсым дүние Құрлымға құлатады. Ал, адамзат Тұранның төсегінен, Сапар шегіп ғарышқа аттанады. Адамдар – кобыз кеуде,

шешен-мерген,

Көздесе құралайды көзге атады. Көрікші көрігінде қылыш жонып, Шеберлері нақыштап, қындаатады. Дұрдана – аналары батырлардың, Намысын түзде шыңдап, қайратады. Қыздары ат үстінде садақ тартып, Мәрттігі жаудың сағын сындыртады. Тұраны – тұлға болған Томирисін, Әлемге айтып, ұрпақты мақтантады. Құсбегілер қыранын қиясында, Томағасын сыпырып, шалдыртады. Қу құмалақ қалдырмай сейістері, Бәйге атына таңғы шық жалатады. Жылдап андып ұядан Италаны, Хас жүйрік Құмайпора ит алады. Ежелден темір-мысты қорытады, Ат-әбзелі, тұрмысқа жаратады, Кәдімгі құрбақаның дәретіне, Осып-осып суытып, жанытатады. Әрі ұстаз, әрі ана – Тұран әлі, Қасиетін жаһанға танытады.

2. Атадан қалған бір түйсік

Тұранда ата-бабам көшіп-қонған, Құт-берекет, ғажаптың бәрі болған, Шегіренді, қыл жүйрік, құлан болған, Кіндікте мүшкілан бар, бұлан болған, Орамымен оралып көшіп жүрген, Сойы бөлек, ордалы жылан болған. Жүрісі желдей ескен сайларында, Жорға жүйрік дуадақ, жек те болған. Қабылан, барыс, мәліндер қамысында, Жемсауы тоқ, алаңсыз жатып-тұрған. Атты адамды сауытпен жұтатұғын, Алпауыт, құлаш ауыз жайын болған. Тұранның шөбі шүйгін, мың сан бұта, Несібе, тіршіліктің көзі болған. Жыңғыл, дүзген, сексеуіл белдерінде, Бет қаратпас, қызулы шоғы болған. Құшала, мия, құмаршақ құмдарында Дертке дауа, қуатты дәрі болған. Айта берсем таусылмас кереметі, Бір ауыз сөз – Тұранда бәрі болған.

Қазақтың алғашқы, үш жүздің басы қосылып, ту тігілген ұлы құрылтайы 1710 жылы Құлжұмыр-Қасқатөбеде өтті.

Ол, Қостанай – Ақтөбе – Ұлытау – Қызылорда облыстарының түйіскен жері. Ордабасында жалғасып Тәуелсіздіктің ұлы жеңісіне әкелген бұл оқиға қазақ әскерінің тарихы екені даусыз.

Автор.

ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

(Құлжұмыр-Қасқатөбе)

Құба жон, қоныр белдің қос төбесі, Ұлы дала жүрегі – мәртебесі. Үш жүзден ту тігіліп, кеңес өткен, Хан, қараша, билердің ол елесі. Құлжұмыр – Қасқатөбе ұрпақтардың, Тарихтан тағылым алар бір белесі. Білек тіліп, қан қосқан асылдардың, Жанын қиып қалдырған несібесі, Қайғы жұтқан халқынан бата тілеп, Қойылған Күн мен Түннің ақ некесі. Арқа тұсы астақан жорықтарда, Ұлытаудың Бұланты-Білеутісі, Әскер жинап үш жүзге тіреу болған, Кіндік-кие қазақтың қос төбесі. Атыңнан айналайын, Жұмыр-Қасқа, Ұлы дала жүрегі, мәртебесі!

Сан тараулы тарихымыз тоғысқан ұлы жол ұлы далада жатыр.

Автор

ҰЛТ ЖАЙЛАУЫ, ҰЛЫҒЫМ, ҰЛЫ ДАЛАМ!

Киелі, ұлан-ғайыр, ұлы далам, Ғажайып сырларына іңкәр ғалам. Бір уыс топырағын, қарыс жерін, Жанын беріп қорғаған жаудан бабам. Басқаның таласына түсірмеймін, Баға жетпес қазынам, асыл мұрам. Ұлт сыйладың, тек бердің,

бай тілімнен, Марсқа да өрнектеп көпір салам.

Жібек жолын жалғаған

жота-жонның,

Тарих-хатта ізі бар тарам-тарам. Бір заманда жоғалтқан өзендерін, Қайта шайқап тірілткен құрсақханам.

Олар – Сейхун, Танаис, Яксарт еді, Мұрасы – қайта өнген Сырдариям, Тұраның шөлін бастан

Жейхун-Оксус.

Аралдың бір бұрымы – Әмудариям. Теңізден айрылғанда Үш шоқысы, Жетімсіреп тұратын Сыр-қариям. Ұлтанынан түз ұшып, адамзатты, Шырт ұйқыдан оятты ұн-жариям. «Аралды құтқарам» деп армандады, Азаматтар жүйелеп небір толғам. Табаны тамырланып теңіз келді, Қайта айналып қасірет тозағынан. ... Құтқарды ..., теңіз келді ...,

енді аманат ,

Қарашығы көзіңнің, білгін балам. Рухани жаңғыру – ұлт қуаты, Қасиет, тұңғыш-сыр сенен бабам. Әлемнің ғылымына азық болар, Ұлы істерің көп сенің, ұлы далам! Бабалардың рухы қонақтаған, Ұлт жайлауы, ұлығым, ұлы далам!

Даража БАЛАПАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

/// МЕРЕЙ

Адамның жаратылысы қызық нәрсе ғой. Өзі бұрын көрмеген кісіні оның атқарған қызметі, еңбегі, ортақ таныстардың пікірлері арқылы сырттай танып, онымен кездесуге, пікір алмасуға қызығушылығы пайда болатыны белгілі емес пе? Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз де осындай азаматтардың бірі. Жаңылмасам, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы кезінде біздің танысуымызға бір кафедрада қызмет істеген әріптесім, қазақтың танымал ақын, ғалым қызы Ләйлі Құндақбаева себепкер болып еді. Содан бері Ерхан Кәрібозұлымен арамыздағы әріптестік, адами қарым-қатынас үзілген емес.



ТҰРМАҒАМБЕТТІҢ ТҰЯҒЫ

Қазақ ғылымы мен рухани өмірінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, өсіп келе жатқан жастарға білім мен тәрбие беруді өзінің өмірлік мұраты еткен, бұл күнде ғылыми ортаға танымал көрнекті ғалым, әдебиеттанушы, ұлағатты ұстаз Ерхан Кәрібозұлы биыл ердің жасы елуге толып отыр.

Адамның азамат болып қалыптасуында, өмірдегі өз орнын табуында оның кір жуып, кіндік кескен жерінің де маңызы аз болмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде, Ерхан дүние есігін ашқан киелі Қармақшы топырағын айтпай кете алмаймыз. 1976 жылы ақпан айының бірі күні Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылында туып, №105 орта мектепте білім алды. Мектеп қабырғасында әдебиетпен қатар химия, физика сияқты жаратылыстану пәндерімен де жүйелі айналысқанын байқаймыз. Аудандық, облыстық деңгейдегі түрлі олимпиадаларға аталған пәндер бойынша қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Бірақ кішкене кезінен естіп, жаттап өскен Сыр сүлейлерінің отты жырлары мен қисса-дастандарының әсері әдебиетке деген құштарлығын оятып, қазіле, жыршы бала біржола әдебиетке ден қояды. Ауданда «Жиенбай мектебі» деп аталатын жыршылар үйірмесіне қатысады. Орындаушылық ерекшелігі, тез жаттап алатын қасиетімен әрі есте сақтау қабілетінің мықтылығының арқасында ұстаздарының көзіне түсіп, ауызға ілінді. Атақты жыршы Шәмшат Төлепованың шәкірті атанды. Жастайынан Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Омар Шораяқ, Кете Жүсіп Ешниязулымен қатар тағы басқа ақын, жыршы, жырғаулардың термелерін сахнада шеберлікпен орындап жүрді. Мектеп қабырғасында құрылған оркестрдің белді мүшесі болды.

Талантты термеші, жыршы атанған қазіле қара бала спорттан да құр алақан емес еді. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жеңіл атлетикадан спорт үйірмесіне қатысып, ол жерде де жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Орта мектепті аяқтаған соң, бапкерінің ұсынысымен өзі оқыған спорт мектебіне жұмысқа орналасты. Егер Ерханның әдебиетке деген сүйіспеншілігі басым болмаса, Әмин Тұяков ағасы секілді жезаяқ жүйрік атлет болып кетуі әбден мүмкін еді.

Бірақ бойындағы әдебиетке деген құштарлығы оны 1994 жылы әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіне оқуға әкелді. Студент атанған соң Ерхан Кәрібозұлының қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағындағы өмірі басталды. Университет қабырғасында көрнекті ғалымдар З.Қабдолов, Т.Кәкішев, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев секілді ұлағатты ұстаздарының дәрісін тыңдап, білім алды. Ғылымдағы алғашқы ізденістерін бастап, өзі қызығушылық танытып, таңдаған саласы бойынша баяндамалар жасайды.

Университетті аяқтап, магистратурада білімін жалғастырды, аспирантурада оқыды. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты етіп өзі жастайынан термелерін жаттап өскен, насихаттаған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығын белгіледі. «Құлдирандаған Құлманбеттің құлынымын» деп айтыскер ақын Оразалы айтқандай, «Тұрмағамбеттің тұрмытайдай тұяғы» Ерхан Кәрібозұлы шайыр мұрасының іздеушісі, зерттеушісі болуға бел байлайды. Аспирантураны сәтті аяқтаған соң «Адамар» баспасында

әдебиет бөлімінің редакторы қызметін атқарды.

Белгілі ғалым, бәріміздің сүйікті ұстазымыз Ж.Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен «Г.Ізтілеуұлы шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Жылдар бойғы оқу мен үздіксіз ізденістің, тынымсыз еңбектің нәтижесі осылай қорытындыланды.

Ғылымдағы бағыт-бағдары айқындалған соң, Ерхан Кәрібозұлының өзі білім алған университеттің қазақ әдебиеті кафедрасындағы оқытушылық қызметі басталды. Шәкірт тәрбиелеуде құрғақ теориямен ғана шектеліп қалмай, ұлттық құндылықтармен және рухани тәрбие мәселелерімен ұштастырды. Өзі кішкентайынан бойына дарыған қазақ қисса-дастандарындағы адамгершілік, имандылық, үлкенге құрмет, адалдық мәселелерін білім алушылардың бойына сүйіспеншілікпен сіңіре білді.

Қиссаларда айтылатын биік мораль мен кісіліктің, ізеттіліктің, мейірімділіктің белгісін Ерханның өз бойынан таба алатыныызға шүбәңіз болмасын. «Қисса-дастандардағы адамгершілік категорияларының тірлей көрінісі ағайдың өзі ғой» деген шәкірттерінің ақжайма пейілмен айтқан сөздерін талай естіп, іні-дос әріптесіміз үшін марқайық, кеудемізді қуаныш кернеді. Оның алдынан білім алып, дәрісін тыңдаған шәкірттері еліміздің әр түкпірінде жемісті еңбек етуде.

Ерхан Кәрібозұлы оқытушылықпен қатар әкімшілік қызметтерді де абыроймен атқарғанын білеміз. Атап айтар болсақ, факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісінің орынбасары лауазымдарында өзін білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде көрсетті.

Ерхан – қазақ әдебиетін зерттеуде өнімді еңбек етіп келе жатқан ғалымдардың бірі. Еңбектері қазақ фольклорын, ұлттық әдебиеттің өзекті мәселелерін, оның көркемдік даму заңдылықтары мен әдеби үдерістерігесті дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын терең талдаумен ерекшеленеді. Ғылыми мақалалары мен зерттеулері республикалық басылымдарда жарық көріп, ғылыми ортада жоғары бағасын алды. Алыпстан астам ғылыми мақаланың авторы. Мұнымен қатар skopus базасындағы журналдарда бірнеше мақаласы жарық көрген.

Ерхан Кәрібозұлы түрлі марапаттарға ие болып, шәкірттері мен әріптестерінің ілтипатына, ыстық ықыласына бөленді. Алдағы уақытта ғылымда да, ұстаздық қызметте де жемісті еңбек ете беретініне шүбәміз жоқ.

Өз жолы мен сүрлеуі бар, кең пейілді, ақынжанды азаматтың кісілігі мен кішілігіне тәтті боламыз. Айналасындағыларға шуақ шашып, мейірім нұрын төгіп, жүректеріне жылу сыйлайды. Сол мінездің ар жағында жаныңды жадыртар жылылық жатқанын сезінесің.

Ерхан Кәрібозұлы Құдай қосқан қосағы Әлія екеуі бес бала тәрбиелеп отырған, өсіп-өнген үлгі отбасы. Әріптес іні-досымызға зор денсаулық, шығармашылық табыс пен ұзақ ғұмыр тілейміз!

С.ТІЛЕУБАЕВ,
әл Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың доценті

Атам үнемі:

— Біздің тегіміз көк бөрі, бөрі текті халық болғанымыз себепті көкжал қасқырды қасиетті санаймыз, ол киелі аң, — деп отырушы еді сакалын тарамдаған күйде мұнарлы тауларға мұңдана қарап.

Шекара аталатын қызыл сызық ежелгі түркі мекені Алтай тауын қытай, орыс, моңғол, қазақ сынды төрт елге бөлгенде біздің ауыл Қытай аумағындағы Өр Алтай жерінде қалған. Балалығым асқар таулардың бауырында, асау Ертіс жағасында өтті.

Үйдің үлкені болғандығымнан «тоқылдақ» аталатын ағаш доңғалақты арбамызға өгіз жегіп, Ертіс тоғайынан отын әкелетін едім. Жалғыз бармай, өгіз ұстап, арқан байласу үшін болса да тоғыз жасар қарындасым Нұрбикені ертіп алатынмын. Кайда барсақ та қалмайтын ақтөс кара итіміз бар, өзі арыстан кеуделі, жүнді, жуан — байырғы қазақ төбетінің тұқымы. Табандары да аюдікіндей жалпақ. Жүгіргенде қарлы түтелеп, құмды сойдақтап із қалдырады. Ерке аты — «Қайтпас».

Отын ала бастағаным сол еді, тоғай арасынан иттің ашы ырылы естілді. Жалма-жан солай жүгірдім.

Орман арасындағы тастақты алаң-қайда ақтөс кара мен көкжал қасқыр арбасып тұр. Екеуінің де желке жүндері күдірейіп, азу тістері аксиып, бір-біріне айбар шегеді. Қасқырдың аты қасқыр, мұндайда итті тарпа бас салып екі бүктей салуы әбден мүмкін еді. Бірақ, анау жүндері ұйпалаңқы жүдеу көрінді. Сонда ғана байқадым, алдыңғы аяғын қақпап тістеп қалыпты. Қақпанның шыңжыры үзіліп, шапқысы сирағын шайнап қалса да, сүйреткен күйі итті жұлып жейтіндей айбарлы, сұсты кейітпе.

Бірден ұмтылуға жүрексіндім. Мүбада үлкен сойыл алып тап берсем, ақтөс кара да мойнын бұрап, көс бүйірден шеңбектейтін түрі бар. Атамның: «Біздің тегіміз көк бөрі, бөрі текті халық болғанымыз себепті көкжал қасқырды қасиетті санаймыз, ол киелі аң» дегені есіме орала берді. Жол азығы ретінде алған тоқаш нан бар еді, соны бермек болып ақтөс қараны өзіме шақырдым. Ол мизейтін емес. Екеуі бір-біріне тік келіп қанды көздерін қадасып азуларын арандай ашады. Бірінің көзі тайқып кетсе екіншісі бас салуға дайын.

Қарындасыма айқайладым:

— Арқан, арқан. Арқан әкелші! — деп.

Сырттай қарап тұрған ол арқанды тез әкелді. Әуелі ит деп ойласа керек, менің қасыма келгенде үні дірілдей шықты:

— Мынау қасқыр ғой. Қасқыр деген нағыз жыртқыш болады. Арқанды қайтпексін? Мынау итті де, бізді де жеп қояды. Аға, қорқамын, қашайық! — деп жыламсырай жеңімнен тартты.

— Қорықпа, мынау жараланған қасқыр. Ақтөс кара аман болса, оны қоймайды. Қорықсаң өгіздің қасына бар. Не өгізге мін, не арбаға отыр, — дедім мен арқаннан шалма жасап жатып. Ауыл арасында тай, тайыншаға лақтырған арқаным қыл мойнынан ілінетін.

Шалманы лақтырғаным сол, ит пен қасқыр шумактала ұшып келе жатқан арқанға жалт қарасты. Арқанның бір шеті қасқырға тисе, тұзақталған шенбері иттің мойнына ілінді.

Қасқыр жалт беріп әрі қаша жөнелгенде ақтөс кара мойнындағы арқанға қарамай оны тарпа бас салмаққа тұра ұмтылғанда шалманы кері тарттым. Ауыз салуға сүйемдей ғана қалғанда аласұрған жуан төбет шалқасынан құлады. Қасқыр қақпаңды сүйреткен күйі тоғайға сіңіп кетті.

Бізалаң қарғыған ақтөс бұл «әділетсіздікке» тіпті кектеніп, жанталаса ұмтылып, тік шапшып қасқырдың соңынан ұмтылды. Мен арқан ұшын ағашқа орап оны жібермедім. Арқаннан қылғына тілі салақтаған ақтөс көс бүйірін соғып, тұл түбінен маған аса наразы бейнеде қарайды.

Қасқыр әбден ұзап кетті-ау дегенде ғана шалмадан босаттым. Ол маған деген наразылығы мен ашуын қайтарғысы келгендей долылана үрпіріп алды да манағы қасқырдың ізін іскейелі соңынан кетті. Мен іштей: «қасқыр құтылып кеткен болар, құтылмаса өз обалы өзінде, бұдан артық не істей алармын» деп ойлап, отын алуға кірістім. Арба үстінде үрпиіп отырған Нұрбикенің де жүрегі орнына түсіп, өңіне қан жүгірді.

— Аға, қасқыр кетті ғой, иә. Ол енді келмейтін шығар, — деп арбадан түсіп ағаштар арасына мойнын созып маған жақындалды.

Арада бір сағаттай уақыт өтті, ақтөс кара жоқ.

Бір кезде тоғай түкпірінен Ертістің екі айрығы қосылған шағын түбектің тұмсығынан ақтөстің айбарлана үргені естілді.

Бұл жолы тым асықпадым. Неле болса алған отынымды арбаға тиіп, арқанын байлап, сосын иттің дауысы шыққан жакқа тарттық.

Қыс күнінде Ертіске қалың мұз қатады. Десе де кейбір су қосылысқан жерлермен, ағынды иірімдер толық қатпай қаймақшыл жатады. Өйнектей жарқыраған мұз астында оймақтала көбірішіген толқындар да көрініп қалады. Біздің ақтөс кара қасқырдың ізіне түсіп, тақымдай қуса керек. Аяғына ауыр қақпап сүйретілген көкжал қабыршақ мұзды шұқанақты иірімнен өтіп бара жатқанда мұз ойылып кетіпті. Ауыр қақпап шүңейтке тартса да, көкжал су бетіне ламылысыз ұмтылып, мұз бетінде басы ғана қылтып жанталасады. Ит жақын барайын десе өзінің де шұқанақақ түсетінін біліп, мұзды айнала жүгіріп қасқырға айбар көрсетіп жүр. Бізді көрген соң тіпті де арқаланып, қасқырды жұлып жейтіндей ырылдап үріп, тап-тап береді.

Мен қасқырды олжалап алудан көрі оны құтқару керек деген байламға келдім.

Жазушы Жәді Шәкенұлы Шығыс Түркістан аталған Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағында Ертіс өзені жағасында 1967 жылы туған. Шыңжаң оқу-ағарту институтын «Тарих» мамандығы бойынша бітірген. 1997 жылы Қазақстанға біржола қоныс аударған. «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ үні» және т.б. газет-журналдарда жауапты әдеби қызметтар атқарған. «Қаралы көш», «Бозмұнар», «Қан кешкен ханзадалар» атты романдары, «Ақ балапан», «Арманшыл бала», «Балқаймақ» сынды балаларға арналған шығармалары, «Жалғыздың үні», «Жәнібек батыр», «Оспан батыр», «Түркілік тек және қазақ тұрғақтары», «Қытайдағы қазақтар әдебиеті», т.б. зерттеу еңбектері жарық көрген. Жазушының «Бөрінің асығы» әңгімесі оқырманға ұсынылады.



Әуелі ақтөс қараны нан беріп алдамалап жүріп байлап тастадым. Сонда да қынсылай үріп жанталаса ұмтылғанын қоймайды.

Ауыл баласы болғасын арқаннан шалма жасау, ұзын сырықтың ұшына тұзақ іліп құрықтау сынды дағдылы өнердің бөріне де жетік боласың ғой. Тоғайдың нар талынан уық боларлық ұзын сырық алып, ұшына шалмалы тұзақ жасадым. Суда қылқылдап тұрған көкжалдың мойнына салып, бар күшіммен жағаға тарттым. Қасқыр ауыр бола ма, жоқ әлде, суға тоғытылғандікі ме қозғаудың өзі мұң.

— Аға, аға, осы қасқырға неге жабысып қалдың. Босанып кетсе бізді өлтіреді ғой, — деп зәрезеп болған Нұрбике басқа барар жер таппай өгіздің үстіне шығып алды. Ыңыршаққа кенелеі жабысып дір-дір етеді.

Мұзды әрі айландырып, бері айландырып жұлқылай тартып жүріп, өлдім-талдым дегенде қасқырды суырып алдым. Әл-дәрмені құрығанына қарамай құрықтың ұшын тістелеп құтылып кетпек болып арыпталасты. Мен қылқындыра сүйреген күйі жағалауға жақын оңаша тұрған балапан терекке құрықтың ұшындағы арқан байланатындай бірнеше орадым.

Мың жерден көкжал болса да қылқып, тілі салақтап, тыныс алуы қиындаған жаралы көкжал манағыдай емес әбден жуасыды. Қалш-қалш етіп окта-текте арқанды жұлқылай тартады. Маммандай болған сулы жүндері де саудыр-саудыр етіп, сүңгілене қатып үлгірді.

Мен енді көкжалдың үстіне отындыкқа алған талдарды тастай бастадым. Өгіздің үстінде үрейлене қарап тұрған Нұрбике ыңыраштан қолын босатпаған күйде:

— Аға, енді не істегелі жатырсың? Өртейін деп жатқаннан саумысың? — дейді үні манағыдай емес, жарқынырақ шығып. Шамасы ақтөс пен ағасының ерлігіне сене бастаған сыңайлы. Мен де манағыдан да ерленген бейнеде:

— Жоқ, қорықпа, қорықпай қарап тұр. Қазір бәрін көресің, — деп қоразданған боламын.

Үстіне тасталған шыбық, талдардың арасынан арпалысқан қанды азуы мен қып-қызыл шоқ болған көздері ғана көрінеді. Қасқырдың дәрменсіз күйге түскенін біліп, отынды басып барып отан барынша жақындадым. Сонда да жан дәрмен бұлқынған көкжал бастырылған ағаштарды шашып жібергісі келіп серпи тепкіленеді, аузына жақын талдарды бізалаңа шайнайды.

Қасқырдың енді маған қас қыла алмасын біліп, жақындай-жақындай етіп үйренгесін, аяғындағы қақпаңды алуға бар күшімді салдым. Қасқыр ырылдай ырсылдап айбарлана бұлқынғанын қояр емес.

Жақ кірісі араның дүзіндей кара қақпап қасқырдың алдының оң аяғын үзіп жіберіпті. Сыңған сүйектің бір ұшы сыртына шығып тұр. Сүйектің енді бір жағы ұстап тұр ма, әлде терісі ғана ұстап тұр ма, ол жағы белгісіз. Қақпаңға шамам келмей Нұрбикені шақырып едім, ол березеп болды.

— Бармаймын, бармаймын, өлтіреді, жеп қояды, — деп тағы да жыламсырады.

Отын алатын ақ балтаны әкеліп қақпаңды бар күшіммен періп-періп жібердім. Қақпапмен бірге манағы ілініп тұрған аяғы да үзіліп түсті. Қасқыр тағы да жанталасты. Мойнындағы арқанды шешуге батылым жетпеді. Қалтаман бәкімді алып балапан терекке оралып тұрған қасқыр жақ ұшын қып жібердім.

Аузын арандай ашып, көздеріне қан толған көкжал бөрін сезіп жатса керек. Менің шегіне бергенім сол үстіне басылған талдарды шатыр-шұтыр көтерген күйі жаралы аяғын сылты басып көзден ғайып болды.

Ақтөс кара бұл «әділетсіздікке» тағы да төзе алмады, бар күшімен құлқынып, тік-тік секіреді. Жауының қашып кеткеніне тіпті де наразы кейіпте, өзелеу ереді.

Қуарған өңіне аздап қан жүгірген Нұрбике тағы да:

— Аға, қасқыр енді келмейтін шығар. Оған неге жаның ашыды? Ол жауыз, жыртқыш қой. Оны өлтіру керек еді. Ақтөсті де обал қылдың, — дейді мені кінәлап. Тоғай арасына жалтақ-жалтақ қарайды.

Мен атамның айтқанын қайталап:

— Көкжал қасқыр деген көк бөрі, бөрі текті халық болғанымыз себепті көкжал

қасқырды қасиетті санаймыз, ол киелі аң. Оған албаты тисуге болмайды, — дедім, бөрін білетін данышпан бейнеде білгірсіп.

Отынды қайтадан тиеп, арқан байлап жүре бергеніміз сол еді, жетекке алған ақтөс кара тағы да үрді. Сөйткенше болған жоқ, көлденең көк атты шауып шыға келді.

— Ассалаумағалейкум.

Анау сәлем алмастан енгіге айқайлады:

— Сендерге орманнан отын алуға кім рұқсат берді. Бізге қарасты тоғайдан неге отын алып жүрсіңдер?!

Сөйтіп отынға төнген оның көзі отын үстінде жатқан қақпаңға түсті.

— Ойбай, мына қызықты кара. Құрған қақпаныма қасқыр түскенін біліп ізін шыырлап таппай жүрсем, сендер алған екенсіңдер ғой. Қасқыр қайда? — деп дүрсе қоя берді.

Мен ләм-мим демедім. Біздің үнде-мегенімізге қарап одан бетер ашуға басты:

— Әй, шүкімайт, жердің құрты. «Қасқыр қайда?» деп сұрап тұрмын. Түсіріндер, андағы отынды. Отынның астына қасқырды жасырып алып бара жатқанын кара. Тырнақтай болып алып, мыналардың өн-бойы толған пәле ғой. — Ол атынан асығыс түсіп отынды ақтара бастады. — Кімнің баласысыңдар? Мүмкін қасқырды әкелерің алып кеткен болар.

Ол арбаның екі жағынан кезек келіп, нығымен отынды тірей ітеріп астында қасқырдың жоқ екенін анық көрді. Басқа лажа болмағасын өгіздің бұйдасына жармасты:

— Жүріңдер, мына отынды біздің үйге түсіресіңдер! — деді дауысы қарлыға тулан тұтып.

Нұрбике бақырып жылап жіберді. Ақтөс кара анаған ырылдай айбар көрсетті. Менің қорқынышым енді ашуға айналды.

— Қасқырыңыздың аяғындағы қақпапаны алып босатып жібергенмін, — дедім дауысымды қаттырақ шығарып.

— Өтірік айтпа, өтірік айтасын. Қарғаның бойындай түріне қарамай қасқырды қоя бердім деуін. Өзің кіпкішентай болып тұрып бетің бүлк етпейді екен. Қалай өтірік айтасын. Андағы кейпілмен қасқырды босата салдым дегеніңе кім сенеді. Ол сен босата салып, байлап ала қоятын жуас бузау ма?

Ол осыны айтып, атына мініп, айнала шаба жөнелді. Шиырлаған іздерді сабақтап, менің айтқанымың шын-өтірігіне көз жеткізбек болса керек. Қасқырдың ізін көрді ме, бізге қайта тебітті:

— Ізді қарасам айтқаның рас сияқты. Ана жакта бір аяғың сүйрете басқан үш аяқты із жатыр. Пәлесін қарай көр, титімдей болып алып жүрек жұтқан неме екенсің. Қасқырды қойшы, өзінді жазым қылса қайтесің. Неткен ақымақ едің! — Менің айтқаныма көзі жеткен оның ауышулық сезімі ояңған сыңайлы. — Байқа, байқа, қасқыр деген ойнайтын нәрсе емес. Қайта аман қалыпсың. Ақсақ қасқыр қайда қашып құтылар дейсін. Бұйырса соғып алармын. Қақпаңдымыз өзіме бер.

Ол отын үстіндегі қақпаңды еңкейіп алды да, қасқырдың ізіне түсіп шаба жөнелді.

Болған жайды әкеме айтып келдім.

Әкем аласұрып:

— «Абырлығы жігіттің алдынан ажалды аң кездеседі» деген. Алдына келген олжадан айырылып не албасты басты!? — деп бұлқан-талқан болды. Со-сын әлгі әумесердің қылығына күйіп: — Ана неменің балаларға тебіткені несі, атпен шауып барып, қамшымен асатайын ба, сілімтікті! — деп бір долырды.

Мен бастабында үндемедім де, соңынан:

— Әке, атам үнемі: «Біздің тегіміз көк бөрі, бөрі текті халық болғанымыз себепті көкжал қасқырды қасиетті са-наймыз, ол киелі аң» деп отырушы еді ғой. Сол үшін қоя бердім, — деп мінгірледім.

Әкемнің ашуы тез қайтты. Еңкейіп кекілімнен сылады:

— Е-е, балам, оның да жөн. Қайырсыз істің артында да қайыры болады деуші еді. Атаның айтқанын есіңе сақта-ғанды да жақсы болған екен. Төңірі ар-тын қайырлы етсін. Шынымен де өзіңді окыс қылса қайтесің. Ең бастысы, бас аман болғасын болды, — деді сөзін аяқтап.

Нұрбике ішінен шығара алмаған «шер-наласын» да ақтарып қалғысы

келді:

— Иә, мен де айттым. Тыңдамай қойды. Қатты қорықтым, ағамды қасқыр жеп қоя ма деп, — деп жыламсырады. Көзінен мөп-мөлдір тамшылар бұр-шақтап кетті.

Ол кезде көшпенді қазақ ауылдары Ертіс жағасындағы тоғай ішін қыс-тайды да, жер қарая әуелі бөктер тауларға көктеулікке, одан әрі Алтайдың асқаралы жайлауларына бет түзеді. Көшпенді өмір балалары да «Көшпелі мектептен» білім алады. Біз төлдем аяқтар-аяқтамаста көктеулікте он-онбес күн далада оқимыз. Одан әрі орта жайлауда он-онбес күн, төр жайлауда бір ай шамалы көгалды төскейде оқимыз. Мүбада жаңбыр жауа қалса, том-тырақай үйге қашамыз.

Көшпелі мектеп,

Құрылды көктеп... — деп басталатын оқушылар қоры бар.

Қушыкештер:

Көшпелі мектеп,

Жүрміз ғой еттеп... — деп бұрып айтады.

Танертен-кеште мал күйбені, күндіз оқу дегендей баяғы қасқыр туралы әңгімені мүлдем ұмытып кетіпмін. Бір күні әкем:

— Кеше өрісте бір қозы ұйықтап тастың түбінде қалып қойған екен. Қас қарая аузында тістеген бір қозысы бар қасқыр анадай жотадан қарап тұр. Атпен тұра қуамққа тап беріп едім. Қозыны жерге қоя салып, аспанға қарап бір ұлыды да тайып берді. Қозы сап-сау, еш жері зақымдалмаған. Төбеге шығып келесі белден асып бара жатқанда ғана байқадым, қасқыр ақсақ сияқты, шоқандай жортып барады,— деді.

Мен жалма-жан:

— Әке, ол менің ақсақ қасқырым емес пе екен? — дедім.

Әкем түсіне қойып күлді де:

— Жоға, балам. Ертіс қайда, біз қайдамыз. Арамызда жүз неше шақырым жер бар. Сенің қасқырың мұнда не қылып жүреді? — деді жай ғана.

Жадыраған жаз тез аунады да, қыр-қалар қыраубастанып, күздің салқын лебі білінді. Бұл шақта біреу біреуді білмей, етекке қарай құділайл көшеді. Арасында жоқ іздеп сарпалдаңа түс-кендері болмаса, барлығы дерлік атын жабап, атаның қомдап күзеулікке асы-ғыс еңкейеді.

Әкем маған:

— Мен үйді жығып артып берейін де, жылқы мен сиырды түгендеп еңкейе беремін. Шешен көпті жетектейді, сен қойға не болып, асықпай келе бер, — деп атына қонды.

Үйдегі бас көтерер мен болған-дыктан шешем көштің атан түйелерін жетектеп, мен қойды айдап жылжи жөнелді. Ұзын сирақ тұйп жауанур жат-танды ізіне түскен соң қиын асуралдың қорым тастарының өзінен еппен аттап өңкенедей тартады. Қойды түртпектеп соңынан еріп отырмасаң әуресі көп. Тіпті таса жер болса бірнешеуі ұйылы-ғып бөлініп қалуы да мүмкін. Шешем алға озып кетті де, мен қойды «қуайт-қуайттап» артта қалдым.

Таннан ерте қозғалсақ та, күн райы бұзылып, арты қарға ұласты. Жіңішке Қыран өзенінің басын қнып, Үсіген жотасы аталатын биік кезеңге ілінгенім сол, қарлы бұрқасын күшейе түсті. Үсіген десе Үсіген еді, шілденің шіліңгір ыстығында да қар ұшқындап тұратын биік жота. Кезеңге көтерілген сайын қарлы борасын сабалап, көз көрім жердің көрінуі қиындай бастады. Қой ұйығып қалды. Өншейінде топ бастайтын серкелердің өзі іріле берді. Қаншама жүріп жүрген жаттанды жөл болса да, алды-артты айырудың өзi мұңға айналды.

Даланы қою қаранғылық бүркеп келеді. Жаным мұрнымның ұшына келіп, бойымды үрей биледі.

Осы кезде қасқырдың ұлығаны ес-тілді. Менің айқайыма қарайтын түр-лері жоқ, қойдың артынан, арқа тұ-сымнан бір топ бөрі шығып қойды кеудесімен соққылап алға айдай жөнелді. Қасқырдың иісін сезген қой жарықтық та дүр-дүр қозғалады.

«Құрығаным осы» деп ойладым.

Қаңды көздері от шапқан бөрілердің қарасы анда-мұнда бір көрініп қалады. Қанша қойды тамақтап кеткені бір құ-дайға аян. Қарлы борасын, қой, қас-қыр қалың тұманның арасында бұлт-пен бірге жылжып барамыз. Қай шыңырауға келіп төменге біржола құларымыз белгісіз. Аспан мен жер арасы алып аждаһаға айналып ире-

лендей қозғалады. Қасқырларға қар-сы тұрып қойды айырып қалам ба деген қиялым текке кеткендей, кара басымның амандығын ғана ойлай бастадым. Астымдағы атымды ес көріп, қараң-құран мал соңынан ілібіп келе-мін. Анда-санда бар дауысыммен ай-қайлаған боламын. Тамағым да қар-лықты, үнім шықпай, әбден діңкеледім. Үсті-басым малмандай су, иегім иегіме тимей сақылдайды.

Уақыттың қалай өткенін де білмей-мін, қарлы борасын, тұңғық тұман-мен астасқан бұлт арасынан суырылып шығыппыз. Қанша мал қырылды, оны ойлауға да мұрса жоқ. Әйтеуір Үсіген жотасынан етекке қарай еңкейіп келе жатқанымды білдім. Аспандағы бұлт-тар шоғыры әлдеқайда асыққандай ап-пак айдың бауырында шығысқа қарай сүзіле жөңкіп барады.

Көрген түстей меңзығыр күймен алдымдағы қойдың бар-жоғын түген-дей бастағаным сол еді, тағы да қас-қырдың ұлығаны естілді. «Қаңға құмар жауыздар, қаншама қойды тамақтап қырды екенсіңдер, әлі тойып болма-дыңдар ма?!» деп тісімді тісіме басып, «қойға тағы да шабатын болды-ау» деп үрейлене бастадым. Олай болмады.

Айдың сүттей сұлу сәулесін жамы-лып, сол жақтағы қаптапқа қарай бір ізбен шұбырып бара жатқан жеті көк-жал көрінді. Алдындағы тайыншадай қасқыр аяғын сылтып, шоңқандап ба-рады. Ақсақ қасқыр! Артындағы тұр-қы кішілері көктемдегі күшіктері екені байқалады.

Қойым дін аман. Қасқырлар еш-қайсысын тамақтамаған. Алты бөлті-рігін ертіп, қойға шапқан қасқырларды қуып салған ақсақ қасқырдың мені кезекнен аман-есен өткізіп, енді қай-тып бара жатқанын білдім. Не қуа-нарымды, не жыларымды білмей бар дауысыммен:

— Ақсақ қасқыр, менің қасиетті көк-жалым, көкбөрім менің! — деп айқай салдым. Таулар «Қасиетті көкжал, қасиетті көкжал, көкбөрім менің, көкбө-рім менің...» деп жаңғырықты.



«AynaGlass» – еліміздегі алғашқы зауыт

Жоба 2023 жылы бірыңғай индустрияландыру картасына енгізіліп, индустриялық аймақтан жер телімі бөлінді. Шикізатпен қамтамасыз ету үшін «Orda Glass» шыны зауытымен келісімшарт жасалды. Қазір зауытта 30 адам еңбек етеді. Өндіріс толық қуатына жеткенде адам саны 60-қа дейін жетеді.

Зауыт құрылысы 2024 жылдың аяғында басталған. Заман талабына сай бой көтерген нысан толық автоматтандырылған әрі жұмысшыларда жағдай қарастырылған. Біз мұны көзбен көріп, көңілге тоқып қайттық.

Алып зауыт. Жұмыс қайнап жатыр. Техникалар үздіксіз жұмыс жасауда. Қапталған әйнектер өңдеу процесіне жіберіледі. Әр қызметкер ісін тыңғылықты атқаруда. Бізде өз кезегімізде, шынының қалай айнаға айналатынына куә болдық.

Қызық. Күнделікті қолданыстағы айынан осыншама еңбекпен, технологиямен дайындалатынын көріп, танырқай қарадық. Бастысы, өңірдің әлеуетін көтеретін осындай жобаның іске асырылып жатқаны көңіл қуантты.

Одан әрі зауыт басшысы Айжан Өмірзақова өндіріс процесі, өнім түрлері, технологиялық мүмкіндіктері мен экспорттық әлеуеті туралы кеңінен айтып берді.

– Бастапқы кезде өзге елдердің өндірісін зерттеп көрдік. Нәтижесінде роботты құрылғыларды өндіруде көш бастап тұрған Қытай зауытына тоқталдық. Бұл технология танымал бренд. Әлемнің озық елдері қолданысқа енгізген. Біз қолданып отырған автоматтандырылған технологияның мүмкіндігі зор. Былтыр екі ел арасында келісімшарт жасалып, арнайы мамандар келді. Олар 3 ай бойы технологияны орнатып, монтаждау жұмыстарын жүргізді. Жергілікті мамандарға тілін үйретіп, жұмыс істеу процесін көрсетті. Әлі де ол мамандармен тығыз байланыстамыз. Себебі біздің жұмысшыларға үйретуде. Бұл құрылғылар жылдық қуаттылықты екі есе орындауға қауқарлы.

Өндіріс орнын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» қаржыландырып, облыс әкімдігі өндірістік аймақтан дайын инфрақұрылыммен 3,6 гектар жер бөлді. Жергілікті билік пен даму институтының осындай қолдауының арқасында еліміздегі айна өндірісі басталды. Былтырғы жылдың қараша айынан бастап, алғашқы айналарда саудаға шығардық. Қазір өнімді Алматы, Шымкент, Түркістан облысына және жергілікті кәсіпкерлерге өткіземіз. Алдағы уақытта өзге өңірлерге және сырт елдерге саудаға шығару жоспарда тұр, – дейді зауыт басшысы.

Енді жұмыс процесіне тоқталсақ, алдымен жартылай дайын өнім жүк көліктерімен жеткізіледі. Оны жинап, қорабынан алынады. Одан әрі жылжымалы лентаға орналастырылады. Робот атқарады. Автоматтандырылған желінің ұзындығы 176 метр. Жалпы зауыттың ішкі аумағы 6 мың квадрат метрді құрайды. Күніне 15-16 қорап, яғни 3300 квадрат метр айна дайындалады.

Осылайша әйнек лента арқылы сырғып бірнеше кезеңнен өтеді. Бірінші жуылады, тазартылады. Оған филтрленген су қолданылады. Өйткені шыны бетінде мүлде шаң-тозаң болмауы тиіс. Жұюлыш шыны кептіріліп, вакуумдық камераға жіберіледі. Бұл жерде әйнек айнаға айнала бастайды. Одан әрі пеш камерасына өтіп, тағы екі қабат бояу жағылады.

Қажет бояуларды Шымкент қаласынан алдырады. Айнаға бояу жағылғаннан кейін тағы бір рет жуылады. Одан кейін кептіріліп, робот жинайды. Міне, бас-аяғы 38 минут ішінде бір қаптамадағы әйнектер айнаға айналып, дайын өнім шығады. Бұл процесі операторлар басқарып тұрады. Әр айнаға зауыттың аты, белгісі шыққан күні, сағаты да жазылады. Егер айна дайындалу барысында қандай да бір ақау кетсе, дер кезінде алынып тасталады.

Қазір мұнда жұмысшылар бір ауысым бойынша жұмыс істейді. Алдағы уақытта адам саны көбейген кезде екі-үш ауысым болады екен. Айна негізінен құрылысқа, жиһаз өнімдеріне кеңінен қолданылады. Сол себепті көбіне жиһаз өндіретін кәсіпкерлерден сұраныс жоғары. Бағасы нарыққа енді шығып жатқандықтан қалтаға қонымды. Сырт елдерге қарағанда әлдеқайда төмен. Транспорт жағы да қарастырылуда. Себебі жеткізіп беру қызметін де ұсынбақ. Өзірге тапсырыс берушілер кейде өздері алып кетсе, кейде өндіріс орны жеткізіп береді.

Біз барғанда жылжымалы лентада кезекті тапсырыс орындалып жатты. Ол Шымкент қаласынан түсіпті. Мамандар тапсырыстың уақытылы әрі сапалы орындалуын барынша қадағалап жүр.

Айна дұрыс шықпай қалған жағдайда қайта өңдеуге келмейді. Бірақ оны арзан бағаға саудалап, өзге де қажеттілікке жаратады. Мамандардың бәрі де жергілікті тұрғындар екен.

– Бұл салада жүргенімізге жиырма жылға жуықтады. Бұған дейін «Комфорт 1КZ » ЖШС құрдық. Ол облыстағы шыңдалған әйнек шығаратын бірегей зауыт. Әйнектен энергия үнемдейтін және жарық шағылыстыратын қасиеті бар қос қабат терезелер мен айна жасайды. Сондай-ақ витрина, кабина, шатыр, жиһаз, мөлдір баспалдақ, қалқа сияқты көптеген интерьер заттар шығарады. Былтыр жанадан салынған стадионға қажетті әйнекті осы «Комфорт 1КZ» ЖШС-нан алды.

Тәжірибеміз бар болған соң, айна өндірісіне келдік. Қазір технологияның мүмкіндігі мол. Бәрі де автоматтандырылған. Енді тұтынушыларды тарту мақсатында тиісті шаралар жүргізілуде. Зауыт биылғы жылдың жарты жылдығында ресми түрде ашылады. Дегенмен 100 пайыз жұмыс істеп тұр. Енді тек мекеме аумағында бірқатар жұмыс қалды. Ол жұмысшылардың жағдайын жасау үшін асхана жөнін іске қосу сынды.

Бұдан бөлек алда жоспар көп. Мәселен түрлі-түсті айна шығаруды көздеп отырмыз, – дейді Айжан Өмірзақова.

Әрине оңай жұмыс емес. Заманауи технологиялардың тілін меңгеру, оны тиімді басқару да ұқыптылықты, жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде экономиканы индустриялық дамыту және әртараптандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Былтыр елімізде 33 жана өнеркәсіптік кәсіпорын пайдалануға берілген. Жана нысандар еліміздің әртүрлі аймағында орналасқан. Солардың қатарында «AynaGlass» ЖШС да бар.

Жаңа өндірістердің іске қосылуы экономиканы әртараптандыруға, өңірлерді дамытуға және елдің өнеркәсіптік базасын нығайтуға маңызды үлес қосатыны сөзсіз. Ал әрбір жоба жана жұмыс орны.

Сара АДАЙБАЕВА,
Сыр бойы

Іздеу салады

Қызылорда қаласының тұрғыны болған, 1966 жылдың 21 сәуірінде туылған Сулейменов Рүстембек Мухоматовичті 2021 жылдың 5 мамырынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты заңыбы Рысмаханова Аягуз Шымпатовна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2026 жылдың 15 қаңтардағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефонға хабарласуын сұраймын: 8 777 199 23 61.

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ҚУАТТЫ ДА ШУАҚТЫ

Қызылорда!

Алаштың анасы атанған киелі өлкеміз Қызылорда нық қадаммен алға басып келеді. Кейінгі жылдары өңірдің қарыштап дамығаны айқын байқалады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі газдандыру деңгейін едәуір арттырды. Соның нәтижесінде ауыл үйлері көмір жағудан біржола құтылып, газдың рахатын көріп отыр. Бұл ауылдың әлеуметтік жағдайының жақсаруына бағытталған ерен еңбек деп білемін.

Облыс көлемінде ашылған балабақша, оқу орталықтары, спорт кешендері – болашағымыз үшін жасалған қамқорлық. Мемлекет қолдауымен жүзеге асып жатқан ірі жобалармен қатар, елдегі шағын және ірі кәсіпорындардың атсалысуымен әлі талай іс қолға алынады.

Төңірегімізге көз салсақ, көпқабатты, заманауи үлгідегі жаңа тұрғын үйлер, қайта құлпытқан кө-

шелер көздің жауын алады. Сондай-ақ жүрегіне қуаныш, мақтаныш сезімін орнатады. Ескі құрылыс нысандары, соның ішінде мемлекеттік маңызы бар өнер ордалары, спорт кешендері, мектептер күрделі жөндеуден өткізіліп, халықтың игілігіне қызмет көрсетіп отыр.

Өткен жылдың көрсетіші бойынша, біздің өңір алдыңғы орынға шықты. Соның дәлелі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына арнайы келіп, облыстың қарқынды дамуына жоғары баға берді. Өзім туып-өскен Шиели ауданының күннен-күнге өсіп келе жатқанын көрген сайын қуанышымыз еселенеді. Быыл шиелиліктер қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясы салынды деп қуанып отыр. Бұл жобаны «Тесис» ЖШС жуырда іске қосты.

Облыста атқарылып жатқан іргелі істің барлығы ұрпақ игілігі үшін. Ең бастысы, облыс басшысының, туған жерінің гүлденуіне атсалысып отырған әрбір

азаматтың қажырлы еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Ақын атамыз, жерлесіміз Әбділда Тәжібаев:

– Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді.
Неге маған жырламасқа,
Сырда туған елімді?! – деп

жырлағандай, мен де сөз соның Сыр еліме арнаған жыр шуағымен түйіндесем деймін.

– Тұғалы сырым болған, жырым болған,

Жаралған ұлыңдағы, қызың нұрдан,

Береке бастауындай қазыналы,

Жайнай бер, жарқырай бер, Қызылордам!

Жанашыл әрі арманшыл жастар үшін,

Қол жетпестей көрінбес асқарлы шың.

Жігерлері жасымай, алға ұмтылып,

Ордамызды дамытсын бастап ісін.

Өзінде мекендеген іргелі ел, Жанарып, жасарып та

Қуатты да шуақты гүлдене бер,

Қуатты да шуақты Қызылордам,

Күннен күнге құлпыт, түрлене бер!

Оразалы БАЙДІЛДА,
Шиели ауданы



Сурет шығармашысы

Талайды арбаған темір «таңба»

Ішкі істер министрлігі таратқан мәліметке сүйенсек, сұранысқа ие мемлекеттік тіркеу белгілері 5 қантардан бастап мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында беріліп жатыр. Мемлекеттік белгілердің цифрлық белгіленуі 101, 121, 131, 141, 151, 161, 171, 181, 191, 202, 212 болса, оның бағасы 15 айлққ есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде немесе 64 875 теңге. Кез келген цифрлық және әріптік комбинациясы бар мемлекеттік белгілер – 001, 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 080, 090, 100 және тағы басқа. Бұл нөмірлердің бағасы – 10 АЕК немесе 43250 теңге. Мысалы, 110ALM11, 055MAX11, 011ARU11, 019AH және тағы басқа.

– Баға нөмір мен әріп тізбегіне қарай қымбаттай береді. Мәселен, 010, 020 деген цифр 246,5 мың, әріптері бірдей болса 493 мың теңгеге бағаланады. Ал 100, 111, 200 деп басталатын нөмірлер үшін 592 мың теңге, әріптері бірдейне 838 мың, 001, 777 деген әдемі комбинация қаласаңыз 985 мың, әріптерін бірдей қылсаңыз 1 миллион 200 мың теңге төлеуге тура келеді. Ал ештеңе тандамай, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары ұсынғанды алсаңыз, ол 12 мың теңге тұрады, – дейді ПІМ әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Арай Төлегенқызы.

Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік нөмірлерді тіркеу тәртібі өзгергенін естіген ел ерекше нөмір үшін мерекелік демалыстан кейін автоҚОҢ-дарға қарай ағылған. Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин 5 қантардың өзінде республика бойынша әдемі нөмірлер үшін 11 мыңға жуық өтініш берілгенін мәлімдеді. Сондықтан қызметтің осы бағытында операторлар санын көбейтуге тура келді. Ал мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында сол күні таң атпай ұзын-сонар кезек қалыптасқан. «Қазқпарат» агенттігі мұндай жағдай Ақтау, Ақтөбе және Қызылорда қалаларында байқалғанын жазды.

Қызылордалық Жарасхан Қуанышбайұлы – көңілі қалаған нөмір үшін сағаттан кезек күткендердің бірі.

– Адамдар тіпті ана басы Арал, мына басы Жаңақорған аудандарынан күні бұрын қалаға келіп қонған екен. Таң атпай мен ерте бардым деп ойласам, жұрт менен бұрын жетіп алған. Талон бойынша кезегім

3037-інші болды. Олар түнімен сонда қонған есеп қой. Жүгірген еңбегіме 404 ХАН/11 нөмірі бұйырды, 65 мың теңгеге сатып алдым. Ойымдағы цифр мен әріптер комбинациясы әлдеқашан өтіп кеткен. Айналы цифр және есімімнің соңғы буыны бойынша ерекшеледі. Кейбіреулер қандай нөмір болса да бәрібір емес пе дейтін шығар. Бірақ бұл өмір бойы менің атымда қалады, көлік ауыстырған жағдайда да басқа ешкім иемдене алмайды. Сондықтан онда тұрған ештеңе жоқ, – деді кейіпкеріміз.

Ұзын-сонар кезекті азайтып, жұмыс жүктемесін жеңілдету үшін көп ұзамай VIP нөмірді Egov Mobile қосымшасы және екінші деңгейлі банктердің ұялы қосымшасы арқылы онлайн рәсімдеу мүмкіндігі пайда болды. Ресми мәліметке сәйкес 5-12 қаңтар аралығында бұл қызметке 60 мыңға жуық адам өтініш берген. Өзірге соның 27 мыңдайы қалаған нөмірін алып үлгерді. Айналасы бір аптада елдің ең ірі мегаполисі Алматы қаласында автокөлік иелерінен барлығы 19 мыңнан астам өтініш түскен.

Ескеретін нәрсе, нөмір тандаудың да өз әдбі бар. – Әріптік және сандық комбинация жалпы қабылданған моральдық нормаларға сай болуы тиіс. Біз мұны алдын ала ескертеміз, яғни балағат сөздер немесе біреудің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жазуы бар нөмірлер болмайды. Барлығы әдептен аспауы керек, – деді Алматы қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

Ал «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы 12 қаңтарда таратқан ақпаратқа қарасақ, аймақта жоғары сұранысқа ие мемлекеттік белгілерге тапсырыс бергендер саны 3800-ден асты.

Быыл елімізде VIP нөмірлер 10 пайызға қымбаттады, соған қарамай оған талас қызды. Нөмірімен ерекшеленгісі келетін көлік иелері бұлай бюджеттің бір бүйірін толтырады. Статистика үшін айтқайық, 2024 жылы 31 667 әдемі нөмір рәсімделіп, қазақстандықтар оған 15,8 млрд теңге жұмсаған. Оған, әсіресе, Алматы, Астана және Шымкент тұрғындары ақша аянып қалмаған.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС ДИРЕКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламалы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21000

Тапсырыс №69

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА